

ҚР Жоғарғы соты төрағасы Ж.К.Асановқа

Маңғыстау облыстық сотының
төрағасы Е.Даулиевке

АЛҒЫС ХАТ

Мен, биыл жазда Маңғыстау облыстық сотында алғаш рет сотқа қатысқан едім. Менің сенім білдірушім сотқа сенімім жоқ, сараптаманы дұрыс тағайындамады, бірінші сатылы сот заңсыз шешім шығарып отыр, апелляциялық сатыда көмек беріңіз деп маған Ақтау қаласынан маған хабарласқан еді. Осыдан соң, соттан іс бойынша құжаттарды сұратып, танысқанымда, сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеу талаптары бұзылғанын білдім. Осылайша апелляциялық шағымды дайындап, сотқа тапсырдым. Облыстық сотқа барғанымда, Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші судья Н.М.Примашев, алқа судьялары Г.К.Бакытжанова, М.Е.Аубакиров болды. Менің шағымымды, онда келтірген уәжімді өте мұхият тыңдап, жан жақты сұрақтар беріліп, зерттеп, шағымымды толық қарап, әділдікпен бізге мүмкіндік беріп, қайтадан сот-медициналық сараптамасын тағайындады. Сараптаманы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалы Ақтөбе өңіраралық сот сараптамалары орталығына тапсырдық. Осы сот алқасының сараптама тағайындауға мүмкіндік бергені арқасында, жауапкерді баланың әкесі деп танып, кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылды. Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімінің күші жойылып, жаңа шешім қабылданды. Осылайша, менің сенім білдірушім С.ның сотқа деген сенімі артты.

Міне, еліміздегі атаулы мерекеміз - Конституция күні қарсаңында, мен Маңғыстау облыстық сотының судьялары Н.М.Примашевке, Г.К.Бакытжановаға және М.Е.Аубакировке әділ шешімдері үшін алғыс айта отырып, еңбектеріңізге абырой, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Мереке баршамызға құтты болсын!

Алғыс білдіруші,
Атырау облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, Қалиева Рысты
Ерсейтқызы

28.08.2019 жыл